

**Ж. Е. ТҮРМАНОВА**

**Ж. Е. ТҮРМАНОВА**  
**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ – ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР**  
**ДАЙЫНДАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР**

*Organization of the CCF includes planning, methodical support, assessment and control. Forms of organization of the CCF and the SRSP, activating the mental activity of students in the department are as follows: the problematic issues, heuristic discussions, brainstorming, social and psychological training, "Case Study". To strengthen the individual work of students drawn base tests, carried out research - research seminars, conferences for young scientists.*

Қазіргі білім беру саласындағы зерттеулердің нәтижесі бойынша белсенділік және өсуге талпыныс жасауда жасөспірімдердің тұлғалық дамуының белгілі-бір деңгейлері анықталуда. Салыстырмалы түрде бұл процесте өздігінен даму және жасөспірімнің өзін-өзі тәрбиелеуі көрсетіледі. Студенттердің өз бетінше жұмыс жүргізу барысында ішкі белсенділікке әсері оң нәтиже көрсетеді. Өздігінен даму ішкі заңдылыққа байланысты болуы бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының негізгі құжаттарының бірі «Білім туралы Заңында» тәрбиелеу процесінің бағыты және стратегиясында белгіленген. Бұл Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015-ші жылға арналған үздіксіз білім беру тұжырымдамасында көбіне өзін-өзі тәрбиелеу бойынша білім сүйгіштіктің және іскерліктің дамуына әсер ететін жағдайларды атайды.

Әрбір адам үшін білім алу жүйесі толассыз қажет. Жасөспірімдер үшін тұрақты білімді алу өз өмірінің ажырамас компоненті болып табылады, үздіксіз білім беру концепцияларына сәйкес қажеттіліктер талап етіледі. Болашақты құру үшін жас адамның өзін-өзі тәрбиелеу деңгейін көтеруде әлеуметтік жалпылықтар, қоғамның білім беру және әлеуметтік институттарының атқаратын міндеттерінің маңызы зор. Білім беру саласындағы ең басты мақсат – білім жүйесін халықаралық стандартқа сейкестендіру, сондай-ақ жастарға жалпы теориялық және қолданбалы білім бере отырып, әрбір жас адам жоғары білімді, қоғамның дамуына үлес қоса алатын, барлық әлеуметтік әсерлер мен процестерге дұрыс баға бере білетін болуы қажет. Бұл қажеттіліктер арқылы жас адам өзін-өзі тәрбиелеп, өздігінен дамуына жол ашады. Ол процестер ішкі ортаның әсерлері және тәрбиелеу факторларына байланысты жүреді.

«Білім беру тек мектептің міндеті ғана емес. Ол тек шешімді табу үшін кілт бола алады. Білімді бала өмір бойы өз білімін жоғарлатуға талпынуы қажет» деген қағиданы ұстанатын болсақ, яғни жетіліп келе жатқан адам білім алу әрекетінде бос уақытын көп жоғалтуы қоғамның бірден-бір талабын орындамауымен тең. Басқаша айтқанда, осы білім алушылардың білімін толықтыратын оқулықтар мен оқу құралдары талапқа сай болуы керек, сондай-ақ сол оқу құралдары үнемі сұраныста болуы қажет.

Білім беру мен тәрбиелеу процесінде жаңа талаптар, әр түрлі көзқарастар өңделуде. Олардың ішінен бірден-бірі болып шығармашылық ойлауды өндіру және интеллектуалды тәртіп орнату болып табылады. Жеке білім алу сияқты шығармашылық білім құрылымына мыналар жатады:

- өнімді ойлауға қабілеттілік;
- зерттеу – бақылау белсенділігі;
- стандарт емес шешімдер нәтижесі;
- қызмет нәтижелерін болжау;
- эстетикалық, интеллектуалды жоғары деңгейде қамтамасыз ететін жаңа эталондар құру;
- шығармашылық зерттеу сипатымен қажеттіліктермен оқыту;
- техника және эффектілі ойлау іс-әрекет технологиясын иемдену;
- жалпы қабылданған және басқа да шешімдерден қашу.

Шығармашылық элемент құрылымында жас адамдардың ынталануға бағытталған себептер басым. Тұтастай алғанда бұл белсенділік қоршаған ортаға әсер етеді. Жасөспірімдердің әр түрлі қызметтегі жеке факторлары белсенділікке әсер етеді. Мысалы: білім алушының оқулықпен жұмысы, – мұнда оның танымдық, ізденушілік, қоғамдық, эстетикалық, физикалық өсу өміріне әсер етеді.

Педагогикалық бағыттағы білім алушы студенттердің, оның ішінде психология және педагогика мамандығы бойынша болашақ мамандардың кәсіби базалық пәндерді меңгерту үлкен маңызға ие. Соның ішінде, педагогикалық психология пәні кәсіптік жоғары білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Педагогикалық психология - бұл болашақ педагог-психологтың кәсіби

тұлғасының қалыптасу сатысы ретінде оның міндеттері студенттің әлеуметтік педагогикалық практиканың түрлі салаларындағы психологиялық-педагогикалық диагностиканы өзбетінше ұйымдастыра алуының маңызды ерекшеліктерін меңгертуден тұрады. Осы пән бойынша студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың белсенді түрлері арқылы игеруге көбірек көңіл бөлінеді. Мұнда психологиялық-педагогикалық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздерін, педагогикалық талдау және оқытудың сапасын, жаңа технологияларды бағалаудағы талаптар және олардың түрлерін меңгертуден тұрады [1,45].

Біз педагогикалық-психологиялық әрекетті педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясының бір бағыты ретінде, яғни қазіргі замандағы мектептің жағдайларында психологиялық білімдерді кәсіби қолданудың амалдарын, құралдарын және әдістерін өңдеу мақсатымен оқушының тұлғасының қалыптасуы мен психикалық дамуының заңдылықтарын зерттейтін оның теориялық-қолданбалы бағыты (ғылыми аспектісі); оқу бағдарламаларын құру, оқулықтарды жасау, дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық негіздерін өңдеу, мұғалімдерді психологиялық дайындау және т.с.с. ендіре отырып оқыту мен тәрбие процестерін психологиялық қамтамасыздандырылуы ретінде (қолданбалы аспект); мектепте психологтардың тікелей жұмысы ретінде (практикалық аспект) қарастыру қажет деп табамыз. Осы аталғандарды «Педагогикалық психология» пәнінен оқу-әдістемелік оқу құралын дайындауда бір-бірімен байланысты 3 аспектінің бірлігінде іске асыруға болады:

1) *Оқу әдістемелік құралдың ғылыми аспектісі* - педагогикалық және жас ерекшелік психологиясының теориялық-қолданбалы бағыты ретінде анықталуында, яғни қазіргі жоғары мектептің жағдайында психологиялық білімдерді кәсіби қолданудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын өңдеу және оқушылардың тұлғасын қалыптастыру мен психикалық дамуының заңдылықтарын зерттеуге бағыттау;

2) *Оқу әдістемелік құралдың қолданбалы аспектісі* - оқыту мен тәрбие процестерін психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету, яғни мектепте оқу бағдарламаларын құруда студенттердің жас және жеке дара ерекшеліктерін барынша ескеретін оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығару, мектептегі дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық негіздерін жасап шығару;

3) *Оқу әдістемелік құралдың практикалық аспектісі* - тікелей мектептегі психолог-педагогтардың іс жүзінде атқаратын психопрофилактикалық, психологиялық ағарту, психодиагностикалық, психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыстарын меңгеруге бағыттау.

Тек осы 3 аспектінің бірлігі «Педагогикалық психология» пәнінің меңгеру маңыздылығын құрайды. Олардың әрқайсысының орындаушылардан белгілі кәсіби дайындықты қажет ететін өзіндік міндеттері бар. Әрбір аспектіні нақты өңдеуде тұтас алғанда пән оқытушысы мен студенттің өзіндік жұмысын дамытуына тәуелді болады.

Оқу әдістемелік құралдың ғылыми аспектісі педагогикалық психологияның әдіснамалық мәселелерін өңдеуді болжайды. Осы бағытты іске асырушылардың басты міндеттері – білім алушының іс-әрекетінің психодиагностикалық, психокоррекциялық және дамытушы әдістерін өңдеу мен теориялық негіздеу, ғылыми зерттеулер жүргізу. Мұндай оқулықтарды дайындаудағы басты айырмашылығы - олар тек қандай да бір психологиялық механизмдерді немесе заңдылықтарды анықтап, бала туралы ғылыми білімдерді ғана байытпайды, ал, сонымен қатар, нақты бір білімнің тұтас қалыптасу контекстінде осы заңдылықтардың пайда болуының психологиялық жағдайларын анықтайды. Осындай оқулықтарды жасауда пән оқытушысы өзінің басты тапсырыс берушісі ретіндегі білім алушының мамандығына бағдарлануы қажет.

Оқу әдістемелік құралдың қолданбалы аспектісі халықтық білім беру қызметкерлерінің педагогикалық-психологиялық білімдерді қолдануды болжайды. Бұл бағыттың басты қызметін атқаратын адамдар оқу бағдарламаларын және жоспарларын құруда, оқулықтарды жасауда, дидактикалық және әдістемелік материалдарды өңдеуде, тәрбие беру бағдарламаларын құруда өз бетінше немесе тәжірибелі мамандармен бірлесе отырып, жаңа психологиялық мәліметтерді қолданатын педагогтар, әдіскерлер мен дидактиктер болып табылады [1, 73].

Оқу әдістемелік құралдың практикалық аспектісін білім беру мекемелерінің психолог- педагогтері қамтамасыз етеді. Олардың міндеті – сол не басқа нақты мәселелерді шешу үшін балалармен, сыныптың ұжымымен, мұғалімдермен, ата-аналармен жұмыс. Олардың міндетіне жаңа әдістерді

### **Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы**

жасау, психикалық заңдылықтарды зерттеу және т.б. кірмейді. Бірақ оларды бүгінгі күні ғылымда бар нәрселердің барлығын кәсіби сауатты қолдануға міндеттейді.

Демек, оқу орнының жағдайы мен даму перспективасы өз жоспарында жоғары білікті маман дайындауда әрбір студенттің саналы, мақсатқа бағытталған өзбетінше білім алуына, танымдық әрекетіне мән берулері тиіс. Маман- ол ғылыми ақпараттардың қоймасы емес, ол білім мен тәрбиенің сол ғылымға негізделген жаңа білімдерін, шығармашылық технологияларын жасаушы болуы керек. Ғылыми ақпараттанған, компетентті маман интеллектуалды потенциалын танымдық белсенділікке бағыттайды. Оны қамтамасыз ететіндер, әрине білім беретін оқытушылар мен оның қолданатын оқу-әдістемелік әдебиеттері. Педагогикалық саладағы тәжірибелердің көрсетіп отырғанындай, студенттер кітаппен, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасауда көптеген қиындықтарға кездеседі, осындай жағдайда дұрыс оқулықтарды жасап, құрастыру уақыт талабы. Осы мәселемен кез-келген оқулық құрастырушы жұмыс жасауы қажет.

Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру формасы төмендегі кестеде көрсетілгендей топтастыруға болады (оқытушылар мен студенттер үшін әдістемелік нұсқау) [2,23]:

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру формасы	Мазмұны	Түрлері	Ерекшелігі
Бақылау жұмысы	Білім алушының білімін тексеру мен меңгеруін бағалаудың белгілі бір формасы, оқу процесіндегі оның танымдық әрекеті, өзбетінше жұмыс жасай алуы, белсенділігі туралы ақпараттар алу	Аудиториялық, сыныптық, үй жұмысы, аралық және емтихандық, жазбаша; графикалық және практикалық; фронтальды немесе жаппай және даралық.	Ауызша тапсырмадан гөрі объективтілігі басымырақ
Баяндама	СӨЖ сабақ кезінде және сабақтан тыс қолданылады, білім алушының зерттеушілік дағдыларын меңгертеді, танымдық қызығушылықтарын арттырады, практикалық ойлауға жетелейді.	Алынған мәліметтерді жүйелеу	Ауқымды тақырыптардан сұрақтарды бөліп алуға болады.
Реферат	Реферат (лат. refero – хабарлаймын) тақырып бойынша ғылыми жұмыстың еңбектердің мазмұнын көпшілік алдында баяндаудың қысқаша мазмұндағы жазбаша жұмысы.	Аралық және емтихандық, жазбаша; графикалық, практикалық және даралық	Мәселелік- тақырыптық сипаттағы әртүрлі көзқарастар, сондай-ақ сол мәселеге өзінің көзқарасы да енеді.
Курстық жұмыс	Аналитикалық, эмпирикалық, ізденушілік бөлімдері бар студенттің өзіндік ғылыми- зерттеушілік жұмысы бойынша есеп беру формасындағы құжат болып табылады.	Белгілі бір пән бойынша және мамандануы бойынша курстық жұмыс	ЖОО білім алушылардың өзіндік ғылыми зерттеу жұмысының негізгісі және кәсіби міндеттердің шығармашылық шешімдерін іздеу дағдыларын қалыптастыратын жұмыс.

## **Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы**

Бұл мақалада студенттің өзіндік ғылыми зерттеу іс-әрекетін дәл, анық және дұрыс жоспарлау мен ұйымдастыру, сондай-ақ оның өзбетінше жазбаша жұмыстарын жазу мен рәсімдеуге байланысты кейбір қиындықтарды жеңудің мүмкіндіктері қарастырылады.

«Педагогикалық психология» оқу әдістемелік құралын дайындаудағы кейбір ескерілетін факторлар:

- әрбір тақырыптың өзектілігі мен негіздемелері,
- пәннің объектісі мен зерттеу пәні, мақсаты мен міндеттері,
- пәнаралық байланысы, осы пәнге дейінгі және кейінгі меңгерілетін білімдер жүйесі,
- алынатын білімдерден күтілетін нәтижелер, тақырыптардың бірізділігі,
- қолданылатын көрнекі- иллюстративті материалдардың, қосымшалардың мәнділігі.

Пәнді оқу мен оқыту барысында мыналарға сүйену қажет:

- осы пәннің меңгерілетін тақырыптарының перспективалық бағыттары және жемісітілігі;  
- пәннің берілген мазмұнының практикалық мәні мен нәтижелігі, білім алушының өзбетінше меңгере алуы мен шешімдер қабылдай алуына жағдай жасау;

- осы пән тақырыптарының болашақ перспективалық дамуына көз жеткізерліктей дәлелденген көрнекі әдістемелер енгізу [3,51];

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мәселесін табысты шешу және басты мақсаттары: әлеуметтік – мәдениетті қатынасты ұстану, адамдардың шығармашылық потенциалын жоғарлату, балалар және жастардың рухани-өнеілілігін дамытудағы ақпаратты сапалы дамыту болып табылады. Организация СРС включает планирование, методическое обеспечение, оценку и контроль. Формы организации СРС, активизирующие умственную деятельность студентов используются следующие: проблемные вопросы, эвристические беседы, мозговой штурм, социально-психологические тренинги, «кейс-стади». С целью усиления индивидуальной работы студентов составлена база тестовых заданий, проводятся научно – исследовательские семинары, научные конференции молодых ученых.

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

1. Морозова И.С., Морозова Н.И. Введение в методику преподавания психологии: Учебное пособие. - Кемерово: Кемеровский ГУ, 2001.- 88 с.
  2. Алексеева П.С. и др. Курсовая работа по педагогической психологии: Учебно-методическое пособие. - Якутск, 2001. – 50 с.
  3. Виноградова Н.А. Методические рекомендации по выполнению письменных работ. - М.: Московское городское педагогическое общество, 1999. – 64 с.
- Поступила в редакцию 25.10.2010.